

ГЛОССАРИЙ

Архитектура және ЭЕМ негіздері

ЭЕМ (Электрондық есептеу машинасы) – ақпаратты қабылдайтын, өңдейтін, сақтайтын және шығаратын электрондық құрылғы.

Фон Нейман архитектурасы – бағдарламалар мен мәліметтер бір ортақ жадта сақталатын компьютер архитектурасы.

Фон Нейман тар жері (bottleneck) – процессор мен жад арасындағы дерек алмасу жылдамдығының шектеулі болуы.

Гарвард архитектурасы – бағдарламалар мен мәліметтер бөлек жадта сақталатын архитектура.

Процессор

Процессор (CPU) – бағдарламалар командаларын орындайтын компьютердің негізгі есептеу құрылғысы.

Ядро – процессор ішіндегі тәуелсіз есептеу блогы.

Тактілік жиілік – процессордың бір секундта орындайтын тактілер саны.

АЛҚ (Арифметикалық-логикалық құрылғы) – арифметикалық және логикалық операцияларды орындайтын процессор бөлігі.

Регистр – процессор ішіндегі өте жылдам уақытша жад.

Жады түрлері

Жад – мәліметтер мен бағдарламаларды сақтауға арналған құрылғылар жиынтығы.

Ішкі жад – процессормен тікелей жұмыс істейтін жад (RAM, ROM, кэш).

Сыртқы жад – мәліметтерді ұзақ уақыт сақтауға арналған құрылғылар (HDD, SSD, флеш).

Оперативтік жад (RAM) – уақытша жад, электр қуаты өшсе мәлімет жойылады.

Тұрақты жад (ROM) – жүйелік ақпарат сақталатын жад, қуат өшкенде жойылмайды.

Кэш-жад – процессор мен RAM арасындағы өте жылдам жад.

Виртуалды және бұлттық сақтау

Виртуалды жад – жедел жад көлемін бағдарламалық түрде ұлғайту тәсілі.

Бұлттық сақтау – мәліметтерді интернет арқылы қашықтағы серверлерде сақтау технологиясы.

Сервер – мәліметтерді сақтайтын және пайдаланушыларға қызмет көрсететін компьютер.

Бұлттық сервис – онлайн режимде ұсынылатын сақтау және есептеу қызметтері.

BIOS және UEFI

BIOS (Basic Input/Output System) – компьютер іске қосылғанда құрылғыларды тексеріп, ОЖ жүктеуді бастайтын микробағдарлама.

UEFI (Unified Extensible Firmware Interface) – BIOS-тың заманауи нұсқасы, графикалық интерфейске ие.

POST – компьютер қосылғанда құрылғыларды тексеру процесі.

Secure Boot – тек сенімді операциялық жүйелерді жүктеуге рұқсат беретін қауіпсіздік технологиясы.

Қосымша ұғымдар

Жүктеу құрылғысы – операциялық жүйе іске қосылатын құрылғы.

Интерфейс – пайдаланушы мен жүйе арасындағы өзара әрекет тәсілі.

Микробағдарлама – аппараттық құрылғыларды басқаруға арналған төмен деңгейлі бағдарлама.